	сипаттай білуі керек.Қай ағаштар жапырақсыз, қайсысының бұтақтары қармен жабылғанын атап көрсету.Табиғаттағы өзгерістерді суреттеп, қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.Қауіпсіздік ережесін сақтау: қарлы немесе мұзды жерлерде абай болу.**(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	жауады, боран соғады, аяз болады, күн қысқарады. Балалар бұл құбылыстарды күн сайын бақылап, температураны, желдің күшін, қар мен мұздың пайда болуын бақылау. Мұндай бақылау балаларға табиғатты түсінуге, ауа\р ерек\рін байқауға көмектеседі.**(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	жазуы керек.Қардың мөлшері, түрі, түсу жылдамдығы мен көлемін байқау.Қардың жерге түсуінен кейінгі өзгерістерді (жиналуы, еруі) бақылау.Қауіпсіздік ережесін сақтау: қарлы жерлерде абай болу, жылы киіну.**(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	олардың түрлерін, санын және әрекетін жазуы керек.Құстардың не жейтінін, қайда ұялайтынын, қалай ұшатынын бақылау.Табиғаттағы құстардың мінез-құлқын суреттеу арқылы қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.Қауіпсіздік ережесін сақтау: құстарды қорқытпау және табиғатты зақымдамау.**(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	түсін бақылап көру.Бұлттардың қозғалысын, биіктігін, жиілігін бақылау.Жауын-шашынның болуын немесе жоқтығын анықтау арқылы ауа райын болжау.Қауіпсіздік ережесін сақтау: сыртта ұзақ тұрғанда жылы киіну, жел мен жауыннан қорғану.**(Қоршаған әлеммен таныстыру)**
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Күндізгіұйқы</td><td colspan="5">Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.
Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)</td></tr>
<tr><td>«Шалқан» ертегісі(көркем әдебит)</td><td>«Үш аю» ертегісі(көркем әдебиет)</td><td>Баяу музыка тыңдату (музыка)</td><td>«Алтын жұмыртқа » ертегісі(көркем әдебиет)</td><td>Әлди,әлди бөпешім музыкасы(музыка)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары</td><td colspan="5">Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.(дене жаттығулар мен белсенділігі)
Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)
Үнемді тұтыну Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар).</td></tr>
</table>

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Міндеті: Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Ойын: «Оюшы мүсіншілер»Шарты: Әр қатысушыға дайын мүсін пішіні беріледі. Балалар алдымен ою-өрнектердің суреттерін қарап, оларды мүсіннің пішініне сәйкес таңдайды.Содан кейін бояу мен қылқалам арқылы мүсінді безендіреді. **(Математика негіздері, мүсіндеу, жапсыру)**	**Ойын:** «Ақ қоян» **Шарты:**Балалар шеңбер жасап тұрады.Тәрбиеші немесе бір бала «Ақ қоян» рөлін атқарады. Қалған балалар орман тұрғындары болып ойнайды.«Ақ қоян» келесі әрекеттерді орындайды:«Секіру» – алдыға немесе жан-жаққа секіреді«Жылдам жүгір» – орнында жүгіреді«Қорқып тығыл» – бүріседі немесе қолмен бетін жауып тығылады. Тәрбиеші тақпақ немесе қысқа өлеңмен қимылды нұсқаулар береді:Ақ қоян, ақ қоян, Секіруді білесің бе? Қорқақ қоян, алға шық, Орманды аралап көр**!(көркем әдебиет, дене тәрбиесі)**	**Міндеті:**Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып жасау.**Ойын:** «Шеберлер студиясы» Тәрбиеші балаларға әртүрлі материал\ды көрсетіп, қолдану тәсілдерін көрсетеді:Ермексазды илеу, оюСазбалшықты қалыпқа келтіруПластикалық кесектерді біріктіру, желімдеу немесе орналастыру. Тапсырма:«Үлгі-сурет бойынша бұйым жаса»«Өз қиялыңмен жаңа пішін құрастыр»«Түстерін немесе текстурасын үйлестір»**(мүсіндеу, жапсыру, математика негіздері)**	**Міндеті:** Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтау.**Ойын:** «Сапалы қатар» **Шарты:**Балаларға **элементтер** (конустар, доптар, ойыншықтар) беріледі.«Элементтерді белгілі тәртіппен қойып, араларын бірдей қашықтықта сақтаңыз»Балалар алдымен **жеке,** кейін**топпен бірге** элементтерді орындайды:Топтық тапсырма: «Бір қатар жасап, әр бала бір элементті орнатады»Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:«Элементтерді неге осылай қойдың?»«Арақашықтық бірдей ме?»**(математика негіздері, тіл дамыту)**	**Міндеті:**Қағазбұрыштарын желімдеу арқылы композиция құрастыру. **Шарты:**Тәрбиеші балаларға қағаз бұрыштарынан композиция құру тәсілдерін көрсетеді:Қағаз бұрыштарын қиып, біріктіру. Түрлі түстер мен пішіндерді үйлестіруЖелі арқылы желімдеу**Тапсырма беру:**«Үлгі-сурет бойынша композиция жаса»«Өз қиялыңмен жаңа композиция құрастыр»«Түстерді үйлестіріп, пішіндерді дұрыс орналастыр» Балалар қағаз бұрыштарын таңдап, орналастырып, желімдейді. **(құрастыру, жапсыру, математика негіздері)**

Балаларменжекежұмыс	отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атауға талпынады. Есімдерін дұрыс айтуға дағдыландыру. Қабыкен Дария	тұтас қағаз бетіне бейненікейбіреуін дұрыс орналастыруын жалғастыру. Қанайбек Қасым	Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралытүсінуге талпынады .Түсіне білуге деген талпынысын жетілдіру. Марат Осман	ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады жәнежелімдеуге талпынады. Желімді дұрыс пайдалануға үйрету. Талғат Аяна	кейбір«жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы түсініктерін жетілдіру. Абдулмурат Камила
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Қимылды ойын «Кім тез?»** **Шарты:** Балалар сызық бойымен немесе конустар арасымен жүгіріп өтеді. Кім бірінші келеді, сол жеңімпаз**. (дене тәрбиесі)**	**Қимылды ойын: «Ою тап»** Ш**арты:** Залда әртүрлі оюлар ілінедіТәрбиеші атауын айтады. Балалар сол оюға жүгіріп барады. (дене тәрбиесі)	**Қимылды ойын:**«Кім жылдам?»**Міндеті:** шапшаңдық пен дәлдікті дамыту. **Шарты:** Белгі бойынша балалар жүгіріп тапсырманы бірінші орындауға тырысады (допты әкелу, шеңберге тұру т.б.). (дене тәрдиесі)	**Қимылды ойын «Аңшылар мен қояндар»** **Шарты:** Бірнеше бала «аңшы», қалғандары «қоян». Аңшылар қояндарды ұстайды. **(дене тәрбиесі)**	**Қимылды ойын:** «Ою тап»**Шарты:** Залда әртүрлі оюлар ілінеді Тәрбиеші атауын айтады Балалар сол оюға жүгіріп барады **(дене тәрбиесі)**

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	**Ұлттық ойын:**«Соқыр теке» **Міндеті:** есту, сезу қабілеттерін жетілдіру. **Шарты:** Бір баланың көзі байланады. Қалғандары оны сөзбен немесе дыбыспен алдайды.	**Ұлттық ойын:**«Ханталапай» **Міндетң:** жылдамдыққа, зейінге тәрбиелеу. **Шарты:** Асықтар ортаға шашылады, балалар белгі бойынша жинайды.	**Қимылды ойыны «Доппен ойнау»** **Шарты:**Балалар шеңбер жасап тұрады.Тәрбиеші допты көрсетіп, ойын ережесін түсіндіреді:«Допты бір-біріңе лақтыру керек»«Допты қолға алған бала тапсырманы орындайды» (мысалы, түсті атау, сан айту, қимылды қайталау)Допты бір-біріне лақтырады немесе домалатады.	**Үстел үсті ойыны «Ойыншықты тап»** **Шарты:** Тәрбиеші балаларға ойыншық\ды көрсетеді немесе олардың суреттерін береді.Ойыншықтарды белгілі бір орынға немесе қапшыққа жасырады.	**Ұлттық ойын:** «Орамал тастау» **Міндеті:** Зейінділікке, шапшаңдыққа баулу. **Шарты:** Балалар шеңберде отырады. Бір бала білдіртпей орамалды біреудің артына тастайды.
Балалардыңүйгекайтуы	**Өнегелі – 15 минут** Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау **Сөздік минимум:** Сау болыңыз.				

Тәрбиеші: Бектасова К.И
Ысқақ Г.Ж

Әдіскер: _____ Мамырова Г.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Ересек «Қошақан» тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 15.12 – 19.12. 2025 жыл III апта

Күнтәртібі	Дүйсенбі 15.12.2025ж	Сейсенбі 16.12.2025ж	Сәрсенбі 17.12.2025ж	Бейсенбі 18.12.2025ж	Жұма 19.12.2025ж
Балалардықабылдау	Сөздік минимум: (***Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе!)*** **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Баламен бақшаға барар жолда сан санау немесе өлең айту ойынын ойнаңыз. Баланың сөмкесін бірге тексеріп, қажет заттарын бірге жинаңыз. Көңілді ән қосып, жақсы көңіл күймен шығарыңыз. Балаға бақшадағы достарымен жақсы уақыт өткізетініне сенім білдіріңіз. Балаға шағын мақсат қойыңыз («Бүгін ойыншықтарды бірінші жина»).				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**Дидактикалық ойын:**«Дене мүшелері» **Міндеті:**Балаларда қоршаған ортада өзін-өзідұрыс ұстау қабілеттері мен қарым-қатынасын қалыптастыру.		**Қимылды ойын:**“Допты қуып жет ” **Міндеті:**балаларды шыдамдылыққа,сабырлыққа тез жүгіруге баулу. **Шарты:**бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші	**Міндет:** Балаларды сахналық қойылымдарға қатысуға қызығушылықтарын арттыру. **Ойын:**«Рөлді алмастыру»**Шарты:**Балалар кезекпен әр түрлі рөлдер алады (мысалы:	Дидактикалық ойын «Қауіпті заттар» міндеті қоршаған орта заттары жайлы түсінік қалыптастыру Дәретхана мен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелерімен таныстыру

	Дене мүшелерін ажыратуға, атауын атауға үйрету. **Шарты:**Балалар мен айтқан дене мүшесін кімтез көрсетеді? Қол, саусақтарымыз, аяқ, бас, көз, құлақ, мұрын, шаш қайда деп іс-қимылмен көрсетіп ойнайды**.** **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**		басқаруымен қатыса алады.Тәрбиешідоптарды себетке салып алып,балалрдың алдына домалатып жібереді. «Допты қуып жет»деген белгі бойынша балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек. **(дене тәрбиесі)**	жануар, қазақ ертегісінің кейіпкері)Тәрбиеші қысқа ситуация береді: «Мысық қалай жүреді?»Балалар өз кейіпкерлерін сахналап көрсетеді. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)**	**қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**
Ертеңгілікжаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі»). Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	1) «Қанат қағу». Б.қ: н.т, аяқ алшақ.1- қолды жоғары көтеру, төмен түсіру. 2- б.қ.к. 2) «Қозғалу». Б.қ: аяқ алшақ, еңкейіп тұру. 1- қолды екі жанға созып оңға, солға бұрылу. 2- б.қ.к. 3) «Ағаштар тербеледі». Б.қ: н,т. 1- қол жоғарыда оңға, солға иілу. 2- б.қ.к. 4) «Малдас». Б.қ: малдас құрып еденде отыру, қол желкеде. 1- денені оңға, солға бұру. 2- б.қ.к. 5) «Аунау». Б.қ: еденде шалқадан жату, қол жанда. 1- оңға, солға аунау. 2- б.қ.к. 6) «Аяқты шынықтыр». Б.қ: өкше бірге, аяқтың ұшын бөлек, қол белде. 1- қолды алдыға созу отыру, тұру. 2- б.қ.к. 7) «Қуанамыз». Б.қ: аяқ алшақ. 1- аяқты алмастыра отырып, қолды шапалақтап секіру. 2- б.қ.к. 8) Дем басу жаттығулары.				
Таңғыас	**Үнемді тұтыну** Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар,**				

	өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	**Дидактикалық ойын:**«Ертегі желісі б\ша кейіп\рін тап» **Шарты:**Тәрбиеші қағаз бетіне бей\ген әр түрлі ертегі кейіпкерлерін ұсынады. Балалар кейіпкерлер б\ша қандай ертегі екенін тауып, естеріне түсіру қажет,Суретке қарай отырып, қай ертегі кейіпкері екенін айады.**(көркем әдебиет)**		Ойын: «Пішіндерді орналастыр» Шарты: Тәрбиеші балаларға пішіндерді көрсетіп, оларды қалай орналастыру керегін түсіндіреді: Белгіленген контурға қою Түстеріне немесе пішіндеріне сәйкес орналастыру. Балалар кезекпен немесе топпен пішіндерді орындарына орна\ды. Әр бала немесе топ өз әрекетін сипат\ды: «Мен шарды шар контурына қойдым» «Үшбұрышты үлкен квадратқа орна\дым» **(математика негіздері, тіл дамыту)**	**Үстел үсті ойыны** «Салыстыр және құрастыр» **Міндеті:** Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. **(Құрастыру)**	**Сахналық ойын:**«Қысқа сахналық қойылым»**Шарты:** Топқа қысқа сахналық әрекет беріледі (мысалы: «Қуыршақ пен доптың оқиғасы»)Балалар сахналап, рөлдерді бөліседі. Әр топ өз көрінісін көрсетеді. **(көркем әдебит)**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**3-ші апта дәйек сөзі!** «Ынтымақ – достықтың белгісі.»				

	Міндеті:балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу**Дидактикалық ойын:** «Кім екенін тап» **Шарты:** Балалар көздерін жұмып, қолдарымен қоржындағы ойыншықты тауып, атау. **(Тіл дамыту)** **Міндеті:** заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Дидактикалық ойын: «Қайсысы көп?» **Шарты:**бір және көп заттары бар суреттерді көрсетеді,дайын қиылған суреттерді қағаз бетіне жапсырады. **(математика негіздері, жапсыру)** **Қай аспап жоқ**? Міндеті: Балалардың зейіні дамиды. Есте сақтау қабілеті қалыптасады **Шарты**: Тәрбиеші тақтаға		**Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Міндеті:** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.**Ойын:** «Кім үлкен, кім кішкентай?» **Шарты:**Балаларға әртүрлі көлемдегі заттар беріледі. Тәрбиеші немесе жүргізуші заттарды «үлкен», «орташа», «кішкентай» деп белгілейді немесе белгілерді үстелге қояды.Балалар заттарды көлеміне қарай дұрыс топтарға орналастырады.Барлық зат дұрыс орналастырылған кезде балалар мақтау алады.Қосымша: балалар заттарды салыстыра отырып, «қайсысы ұзын?», «қайсысы қысқа?» деген сұрақтарға жауап береді	**Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша)**Міндеті:**сын и ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету Дидактикалық ойын «Ойыншық неден жасалған?» **Шарты:** Берілген кітаптардың қалай жасалғанын видео арқылы көреді. **Міндеті:** түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту Дидактикалық ойын «Болады, болмайды» **Шарты:** Жақсы және жасауға болмайтын суреттерді тауып ажыратады, оларды бояйды. **(Математика негіздері, сурет салу)**	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Міндеті:** түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Дидактикалық ойын: «Бес саусақ» **Шарты:**Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды. **Міндеті:**майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу Дидактикалық ойын «Кел үйренейік» **Шарты**: балалар үлгідегі жеміс пен көкөністі жапсырады және мүсіндейді. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет, мүсіндеу)** **Ойын: «Шырша»** **Міндеті:** түстерді ажыратады. **Шарты:** шыршаны пішіндерден құрастырады. Түстерін дұрыс

	музыкалық аспаптардың суреттерін іледі, балалар суреттерді көреді, көздерін жұмады, көздерін ашқанда қай суреттің жоқекенін табу керек. **(Музыка)**		**(математика негіздері, тіл дамыту)** **Ойын:«Күн түн»** **Міндеті:** тәулік бөліктері туралы білімдерін кеңейеді **Шарты:** күн мен түн тәулікбөліктеріне тән суреттерді жапсырмамен жапсырамыз. **(математика негіздері, жапсыру)**		табады. **(математика негіздері, құрастыру)**
2-ші таңғыас	**Үнемді тұтыну** Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Ауа райын бақылау**: қардың жаууы, боран, аяз, күннің қысқаруы. **Міндет:** Қыс мезгіліндегі ауа райының ерекшеліктерін сипаттау. Қардың жаууы, боранның соғуы, аяздың		**Табиғатты бақылау**: ағаштардың жапырақсыз қалпы, қырау, мұз қатқан өзен-көлдер. **Міндет:** Балалар қысқы табиғат құбылыстарын	**Жануарларды бақылау:**Құстардың жылы жаққа ұшуын , кейбір жануарлардың қысқы ұйқыға кетуін, іздерін бақылау **(қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Аспанды бақылау:** Қыста жұлдыздардың анығырақ көрінуін, айдың жарығын бақылау. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**

	күшеюі және күннің қысқаруы адамдардың күнделікті өміріне қалай әсер ететінін түсіндіру. Қауіпсіздік шараларын сақтаудың маңызын көрсету. **Ойын:** «Аққала жасау» **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**		байқауды үйренуі тиіс. Ағаштардың жапырақсыз қалпын, таңертеңгі қырауды, мұз қатқан өзен-көлдерді сипаттау. Табиғаттағы өзгерістерді бақылау арқылы ауа райының қысқы ерекшеліктерін түсіндіру. Сонымен қатар, табиғатқа күтім жасау, қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды екенін көрсету.**(Қоршаған әлеммен таныстыру)**		
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.				

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**				
	«Үйшік» ертегісі **(көркем әдебиет)**		Баяу музыка тыңдату **(музыка)**	**«**Арыстан мен тышқан» ертегісі **(көркем әдебиет)**	Әлди,әлди бөпешім музыкасы**(музыка)**
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	**Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** **Үнемді тұтыну** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ұлттық ойын: «Асық ату»** **Шарты:** Ойынға бірнеше бала қатысады. Әр ойыншының өз асықтары болады. Асықтар тегіс жерге тігіледі (қатарлап немесе шеңберге қойылады). Ойыншылар белгілі бір қашықтықтан сақамен асықты атып құлатуы керек. Кезекпен ойнайды, ережені бұзған ойыншы кезегінен айыр\ды. Ойын соңында ең көп асық жинаған ойыншы жеңімпаз атанады.		**Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Шарты:** Ойынға екі топ қатысады. Екі топтың ойыншылары арқанның екі жағынан тең бөлініп тұрады. Арқанның ортасына белгі қойылады. Белгі берілген кезде екі топ арқанды өз жағына қарай тартады. Қай топ қарсыласын белгіленген сызықтан асыра тартса, сол топ жеңімпаз болады. Ойын кезінде	**Еркін ойын:**Қыс мезгілінде балалар таза ауада еркін ойнайды. Олар қардан аққала жасап, шанамен сырғанап, қар лақтырып ойнайды. Мұндай ойындар балалардың денсаулығын нығайтып, көңіл күйін көтереді. Ойын кезінде жылы киініп, қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды.	**Ұлттық ойын: «Ақ серек – көк серек»** **Шарты:** Ойынға екі топ қатысады. Екі топ бір-бірінен белгілі бір қашықтықта қатар тұрып, қолдарынан ұстайды. Бір топ: «Ақ серек – көк серек, бізден сізге кім керек?» деп дауыстайды. Қарсы топ бір ойыншының атын атайды. Аты аталған ойыншы жүгіріп келіп, қарсы топтың қол ұстасқан шебін үзіп өтуге тырысады. Егер үзе алса, өз тобына бір ойыншыны алып

			қауіпсіздік ережесін сақтау қажет.		қайтады, үзе алмаса, қарсы топта қалады. Ойын осылай жалғасады.
Балаларменжекежұмыс	Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралытүсінуге талпынады .Түсіне білуге деген талпынысын жетілдіру. Абіл Нұрмұханбет		көлік құралдарын атайды, жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді атауға, білуге деген талпынысын жетілдіру Амантай Алан	отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерінатауға талпынады. Есімдерін дұрыс айтуға дағдыландыру. Берік Алия	көлік құралдарын атайды, жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді атауға, білуге деген талпынысын жетілдіру Діния Нурислам
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Қимылды ойын «Кім тез?»** **Шарты:** Балалар сызық бойымен немесе конустар арасымен жүгіріп өтеді. Кім бірінші келеді, сол жеңімпаз.**(дене тәрбиесі)**		**Үстел үсті ойыны:** Дойбы (шашки) **Шарты:**Ойын 8×8 ұяшықтан тұратын тақтада, қара және ақ ұяшықтармен ойналады.Әр ойыншының 12 шашкасы болады. Бір ойыншы қара	**Қимылды ойын «Аңшылар мен қояндар»** **Шарты:** Бірнеше бала «аңшы», қалғандары «қоян». Аңшылар қояндарды ұстайды.	**Қимылды ойын «Кім қырағы?»** **Шарты:** Тәрбиеші түстерді немесе заттарды атайды, балалар сол түсті немесе затты алаңнан тауып көрсетеді.

			шашкалармен, екіншісі ақ шашкалармен ойнайды.		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	**Ойын:** « Арқан тартыс» **Міндеті:** Бала\дың жауап\гі мен өздеріне деген сенімдерін арттыру. Топпен бірлесе ауыз бір\пен жұмыс жасауға үйрету. **А\азамат б\тәрбие бағ\сы**		**Үстел үсті ойыны «Доппен ойнау» Міндеті:** «Жоғары-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.	**Ойын:** «Сөйлеу мен қимылды үйлестір»**Шарты:** Балалар тақпақты айтып қана қоймай, әр жолға қимыл қояды Мысалы: «Қоян секірді» – балалар секіреді, «Жаңбыр жауды» – қолдарын желбіретеді. **(көркем әдебиет, дене тәрбиесі)**	**Ойын: « Көліктің дөңгелектері» Міндеті:** түстерді ажыратады. Көліктің бөлшектері ментанысады **Шарты:** көліктердің түсіне сай дөңгелектерді орналастырады **(математика негіздері)**
Балалардыңүйгеқайтуы	**Өнегелі – 15 минут** Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау **Сөздік минимум:** Сау болыңыз.				

Тәрбиеші: Бектасова К.И
Ысқақ Г.Ж

Әдіскер: _____ Мамырова Г.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Ересек «Қошақан» тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.12 – 26.12. 2025 жыл IV апта

Күнтәртібі	Дүйсенбі 22.12.2025ж	Сейсенбі 23.12.2025ж	Сәрсенбі 24.12.2025ж	Бейсенбі 25.12.2025ж	Жұма 26.12.2025ж
Балалардықабылдау	Сөздік минимум: (***Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе!)*** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Баламен бақшаға барар жолда сан санау немесе өлең айту ойынын ойнаңыз. Баланың сөмкесін бірге тексеріп, қажет заттарын бірге жинаңыз. Көңілді ән қосып, жақсы көңіл күймен шығарыңыз. Балаға бақшадағы достарымен жақсы уақыт өткізетініне сенім білдіріңіз. Балаға шағын мақсат қойыңыз («Бүгін ойыншықтарды бірінші жина»).				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Серуендеуге арналған аумақ, ондағы қауіпті және қауіпсіз орындар, рұқсат етілген шекаралар жайлы үйрету **Қауіпсіздік әрекеті**	Ою түрлерін тануға және есте сақтауға үйрету. **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**	Ойын: «Дәл сондай пішінді тап» **Міндеті:** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратындығы туралы түсінік	Үстел үсті ойыны «Ойлан тап» Міндеті: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді	Табиғаттағы қауіпсіздік жайлы видеоролик көрсту,түсіндіру. **Экологиялық тәрбие**

			беру**. (Математика негіздері)**	көлденеңінен орналастыру**Құрастыру**	
Ертеңгілікжаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі»). Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	1) «Қанат қағу». Б.қ: н.т, аяқ алшақ.1- қолды жоғары көтеру, төмен түсіру. 2- б.қ.к. 2) «Қозғалу». Б.қ: аяқ алшақ, еңкейіп тұру. 1- қолды екі жанға созып оңға, солға бұрылу. 2- б.қ.к. 3) «Ағаштар тербеледі». Б.қ: н,т. 1- қол жоғарыда оңға, солға иілу. 2- б.қ.к. 4) «Малдас». Б.қ: малдас құрып еденде отыру, қол желкеде. 1- денені оңға, солға бұру. 2- б.қ.к. 5) «Аунау». Б.қ: еденде шалқадан жату, қол жанда. 1- оңға, солға аунау. 2- б.қ.к. 6) «Аяқты шынықтыр». Б.қ: өкше бірге, аяқтың ұшын бөлек, қол белде. 1- қолды алдыға созу отыру, тұру. 2- б.қ.к. 7) «Қуанамыз». Б.қ: аяқ алшақ. 1- аяқты алмастыра отырып, қолды шапалақтап секіру. 2- б.қ.к. 8) Дем басу жаттығулары.				
Таңғыас	**Үнемді тұтыну** Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	**Ойын: «Кім? Не?»** **Міндеті :** Жанды жансыззаттарды ажырата алады. **Шарты:**Балаларға суреттерберіледі. Балалар ол сурет\де небейнеленгенін және оның жанды не жансызекенін айтады. Жанды болса кім?,жансыз	**Ойын: «Сиқырлы суреттер»** **Міндеті:** балалардың логикалық ойлау қабілеті, ес, зейін, қабылдаупроцес\рін дамыту. **Шарты:** Балалар алдарындағы үлгі бойынша бәлінділерден суреткұрайды. Сурет	**Ойын:«Ойыншықтарға үй тауып бер»** **Міндеті:** Әр ойыншыққа пішіні сәйкес «үй» беріледі. Шарты: – Қонжық – шаршы үй – Көлік – тік төртбұрыш гараж. **(математика**	**Міндеті:** Сөйлеу тынысын дамыту, бірқалыпты және ұзақ дем шығара білуді (ауаны ауызға толтырмай) қалыптастыру. **Шарты:** Тәрбиеші мақтаның бөлігін көрсетіп, айтады	**Ойын: Кел, ойнайық!** **Міндеті:** Қатты дауысты пайдалана білуді шынықтыру. **Шарты:**Тәрбиеші баладан 2 – 3 метр қашықтықта ойыншықтарды орналастырып, айтады: Аю, қоян, түлкі жалғыз

	болса не? Сұрағы қойылады. **(Тіл дамыту, көркем әдебит)**	бойынша әңгіме құрауды ұсынады. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)**	**негіздері)**	«Далада қар жауып тұр. Келіңдер, топта қар жаудырамыз» Содан соң баланың алақанына «ақшақарды» салады және қалай үрлеу керекекенін көрсетеді. Сосын бала үрлейді. Ойын 2-3 рет ойна\ды. Ақша қар, Ақша қар Аппақ болып қонасың. Тоса қалсам қолымды, Алақаныма қонасың. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)**	отырып зерікті. Оларды бізбен ойнауға шақырайық.Олар бізді есту үшін қатты: «Аю, кел» деп шақыру керек. Балалар тәрбиешімен бірге аюды, қоянды, түлкіні шақырып, бірге ойнайды. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**4-ші апта дәйек сөзі!** «Бірлік – біздің байлығымыз!»				

	Міндеті: Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.Ойын:**«Сиқырлы қапшық»** **Шарты:** Қапшыққа әртүрлі пішіндер салынады. Бала қолымен ұстап көріп, қай пішін екенін айтады. **Сұрақтар:** – Қандай пішін? – Неше бұрышы бар? – Қатты ма, жұмсақ па? **(Математика негіздері, тіл дамыту)** **Ойын: «Сөз қос»** **Міндеті:** Сөзге сөз қосып, сөйлем құрастыра алу. **Шарты:** Балаларды екітопқа бөліп өткізуге болады.Тәрбиешісөз айтады, балалар сөзге сөзқосып, сөйлем құрайды. **(қазақ тілі)**	**Қазақ тілі** **Міндеті:**Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. **Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Міндеті:**«Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныс\ру. Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды. Танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялдарын қалып\ру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу. Ол ойыншықпен қалай ойнауға болатынын әңгімелеу. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу. Ойыншықтың	**Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Міндеті:** Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу. Сол заттардың суретін салу. **Ойын:** «Қайсысы көп?» **Шарты:**бір және көп заттары бар суреттерді көрсетеді,дайын қиылған суреттерді қағаз бетіне жапсырады. **(Тіл дамыту, сурет салу, жапсыру)**	**Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша)**Міндеті:**сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету Дидактикалық ойын «Ойыншық неден жасалған?» **Шарты:** Берілген кітаптардың қалай жасалғанын видео арқылы көреді. **Міндеті:** түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту Дидактикалық ойын «Болады, болмайды» **Шарты:** Жақсы және жасауға болмайтын суреттерді тауып ажыратады, оларды бояйды. **(Математика негіздері, сурет салу)**	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Міндеті:** түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Дидактикалық ойын: «Бес саусақ» **Шарты:**Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды. **Міндеті:**майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу Дидактикалық ойын «Кел үйренейік» **Шарты**: балалар үлгідегі жеміс пен көкөністі жапсырады және мүсіндейді. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет, мүсіндеу)**

		қандай болып шығатынын ойланып суретін салу. **Ойын: «Құрастыр да ойна»** **Шарты:** Балалар ойыншықтарға арнап зат құрастырады (үй, көпір, жол). **Сөйлету:** «Мен шаршы мен үшбұрыш қолдандым». **(Құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, сурет салу)**			
2-ші таңғыас	**Үнемді тұтыну** Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				

Серуен	**Бақылау:** «Тұманды бақылау» **Міндеті:** Табиғат құбылыстарын атау. оның ішінде бүгінгі ауа айының өзгерісі туманды бақылау. ашық және тұманды күннің ерекшелік\рін салыстыру. Қимылды ойын: »Кетіп қалған кім?», Қояндар мен қасқыр ар» **Міндеті**: Рөлдерде ойнай білуге үйрету. Жапырақтардан әртүрлі бейнелер тыру.**(қоршаған әлем мен таны таныстыру, ем іідебәдебиет)**	**Бақылау**: Қайтқан құстарды бақылау» **Міндеті:** Балалармен қа\қан құстарды бақылау. Олардың аттарын айтқызып, дауыстарын ты\ту. Құстарға жем ын тақтай жасау. Құстар туралы жұмбақ жасыру: Құйқылжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін. (Қарлығаш) Күндіз соқыр не деген? Түнде қандай к реген (Үкі) **Қоршаған әлеммен аныстыру, көркем ә дебиет)**	**Бақылау:**Қысқы ауа-райының өзгерістерін бақылау. **Міндеті:** Балаларға қыс мезгілі туралы әңгімелеу. қысқы ауа – райын жазғы ауа – райымен салыстыру, қысқы өзгерістерді айтқызу. **Ойын:**«Қар лақтыр» **Шарты:** Балалар «қарды» (ақ доп, матадан жасалған шар) нысанаға лақтырады. (Қоршаған әлеммен таныстыру)	**«Тұманды бақылау»** Міндеті: Табиғат құбылыстарын атайды. Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылайды.Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстырады. Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастырады. Еркін ойындар: «Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар» Міндеті: Рөлдерде ойнай білуге үйренеді. Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйренеді. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.**(қоршаған әлеммен таныстыру)**	**«Құстарды бақылау»** Міндеті: Балалар құстарды бақылайды. Олардың аттарын атайды, дауыстарын тыңдайды. Олардың топ болып ұшуына назар аударады. Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасайды. Еркін ойындар: «Қайтқан құстар» «Құстар мен мысық» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері **(қоршаған әлеммен таныстыру)**
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық**				

	дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
	«Алтын балық» ертегісі**(көркем әдебет)**	«Бауырсақ» ертегісі**(көкем әдебиет)**	Баяу музыка тыңдату**(музыка)**	«Арыстан мен тышқан» ертегісі**(көркем әдебиет)**	Әлди,әлди бөпешім музыкасы **(көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	**Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** **Үнемді тұтыну** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ойын: «Қай пішін қайда?»** **Міндеті:** Үй, ағаш, көлік суреттеріне сәйкес пішіндерді орналастыру. **Мысал:** Үй – шаршы, терезе – тік төртбұрыш, күн – дөңгелек. **(математика негіздері, құрастыру)**	**Үстел үсті ойыны:** «Өз ұяшығын тап» **Шарты:** Балаларды ң алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады.Түстері не қарап қандай гео\лық пішін\ден тышқанның үйшігі құралғаны екенін айту.**(математика**	**Дидактикалық ойын:** «Шарлар» **Шарты:** тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**Ойын: «Қай пішін қайда?»** **Міндеті:** Үй, ағаш, көлік суреттеріне сәйкес пішіндерді орналастыру. **Мысал:** Үй – шаршы, терезе – тік төртбұрыш, күн – дөңгелек. **(математика**	**Қимылды ойын:**«Шанамен жарыс» **Шарты:** Бір бала – жүргізуші, біреуі – жолаушы. Белгі бойынша шананы сүйреп жеткізеді. (Залда — қорап немесе орындық қолдануға

		негіздері)		**негіздері)**	болады)(дене тәрбиесі)
Балалармен жекежұмыс	көлік құралдарын атайды, жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді атауға, білуге деген талпынысын жетілдіру Емберген Төрехан	отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін толық айтуын дамытуды жалғастыру. Жармуханбет Әмір	Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралытүсінуге деген талпынысын жетілдіру. Камал Самир	ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, ішінара атайды. Дұрыс айтуын жетілдіру Қабыкен Дария	тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралытүсінуге талпынады. Өз қаласы туралы білімін жетілдіру. Қанайбек Қасым
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотори каны дамыту**).				
Серуен	**Қимылды ойын «Кім тез?»** **Шарты:** Балалар сызық бойымен немесе конустар арасымен жүгіріп өтеді. Кім бірінші келеді, сол жеңімпаз.	**Қимылды ойын «Қарлығаштар ұясы»** **Шарты:** «Ұя» ретінде шеңберлер қойылады. Балалар «қарлығаш» болып алаңда ұшады, белгі берілгенде ұясына жиналады.	**Қимылды ойын «Кім қырағы?»** **Шарты:** Тәрбиеші түстерді немесе заттарды атайды, балалар сол түсті немесе затты алаңнан тауып көрсетеді.	**Қимылды ойын «Аңшылар мен қояндар»** **Шарты:** Бірнеше бала «аңшы», қалғандары «қоян». Аңшылар қояндарды ұстайды.	**Қимылды ойын «Кім қырағы?»** **Шарты:** Тәрбиеші түстерді немесе заттарды атайды, балалар сол түсті немесе затты алаңнан тауып көрсетеді.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер				

	жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	**Сюжеттік рөлдік ойын: «Құрылысшылар қаласы»** **Рөлдерде :** Құрылысшы, сәулетші, жүргізуші. **Міндеті:** Балалар пішіндерден (шаршы, тік төртбұрыш, үшбұрыш) үй, көпір, мұнара салады. **Тапсырма:** – Үйдің қабырғасы қандай пішін? – Шатыры ше? **(математика негіздері, көркем әдебиет)**	**Сюжеттік рөлдік ойын: «Дүкен» (пішіндер дүкені) Рөлдер:** сатушы, сатып алушы **Міндеті:** Ойыншық тағамдар мен заттар пішіндерге сәйкес сұрыпталған. Сөздік үлгі: – Маған дөңгелек печенье беріңізші – Шаршы қорап керек (математика негіздері, көркем әдебиет)	**Сюжеттік рөлдік ойын: «Сиқырлы шеберхана» Рөлдер:** шебер, көмекші **Міндеті:** Балалар әртүрлі материалдан (ағаш, мата, пластик) пішіндер «жасайды», сипап сезеді. **Тапсырма:** Қандай пішін? Қатты ма, жұмсақ па?**(математика негіздері, көркем әдебиет)**	**Сюжеттік рөлдік ойын: «Аспаздар асханасы» Рөлдер:** аспаз, көмекші **Міндеті:** «Тағамдар» пішіндерден дайындалады (дөңгелек бәліш, шаршы торт). **Сұрақтар:** – Бұл қандай пішін? – Неше бұрышы бар? **(математика негіздері, көркем әдебиет)**	**Сюжетті рөлдік ойын«Пішіндер ауруханасы» Рөлдер:** дәрігер, медбике, науқас-пішін **Міндеті:** «Сынған», «жоғалған» пішіндерді табу, салыстыру, емдеу. **Тапсырма:** Дұрыс пішінді орнына қою. **(математика негіздері, көркем әдебиет)**
Балалардыңүйгеқайтуы	**Өнегелі – 15 минут** Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау **Сөздік минимум:** Сау болыңыз.				

Тәрбиеші: Бектасова К.И
Ысқақ Г.Ж

Әдіскер: _____ Мамырова Г.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Ересек «Қошақан» тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 28.12 – 01.01. 2026жыл V апта

Күнтәртібі	Дүйсенбі 28.12.2025ж	Сейсенбі 29.12.2025ж	Сәрсенбі 30.12.2025ж	Бейсенбі 31.12.2025ж	Жұма 01.01.2026ж
Балалардықабылдау	Сөздік минимум: (***Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе!)*** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Баламен бақшаға барар жолда сан санау немесе өлең айту ойынын ойнаңыз. Баланың сөмкесін бірге тексеріп, қажет заттарын бірге жинаңыз. Көңілді ән қосып, жақсы көңіл күймен шығарыңыз. Балаға бақшадағы достарымен жақсы уақыт өткізетініне сенім білдіріңіз. Балаға шағын мақсат қойыңыз («Бүгін ойыншықтарды бірінші жина»).				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық,	Қимылды ойын: «Тап та секір» Міндеті: Балалар берілген пішінді (немесе түсті) тауып, соған	Ойын: «Сипап тап – айтып бер» Міндеті: Бала көзін жұмып, затты сипап сезеді де сипаттайды:	Ойын: «Пішіндерден сурет сал» Міндеті: Балалар геометриялық	Қимылды ойын: «Қимылды пішіндер» Міндеті: Музыка ойнайды – балалар қозғалады.	

еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	секіреді. – «Дөңгелекті тап!» – «Үшбұрышқа секір!» (дене тәрбисі, математика негіздері)	«Қатты», «жұмсақ», «дөңгелек», «бұрышы бар». (тіл дамыту, сенсорика)	пішіндерден үй, ағаш, көлік құрастырады. «Мен не жасадым? Қандай пішіндер қолдандым?» (сурет салу, математика негіздері)	Музыка тоқтағанда тәрбиеші пішін айтады, балалар сол пішінді көрсетеді. (дене тірбиесі, музыка)	
Ертеңгілікжаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі»). Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	1) «Біз күштіміз». Б.қ: аяқ иық кеңдігінде. 1- қолды кеуде тұсқа әкелу, жоғары көтеру. 2- б.қ.к. 2) «Шынығамыз». Б.қ: аяқ иық кеңдігінде. 1- қолды екі жанға созу, иыққа әкелу. 2- б.қ.к. 3) «Иілу». Б.қ: аяқ иық кеңдігінде. 1- екі қолды жоғары көтеру оң (сол) аяқты артқа созу. 2- б.қ.к. 4) «Алға иілу». Б.қ: еденде отырып, аяқты алшақ ұстау. 1- алға иіліп, қолды аяқтың ұшына тигізу. 2- б.қ.к. 5) «Аяғыңды көтер». Б.қ: еденде шалқадан жату, қол жанда. 1- екі аяқты жоғары көтеру, түсіру. 2- б.қ.к. 6) «Отыру». Б.қ: н,т. 1- қолды алдыға созып отыру. 2- б.қ.к. 7) «Адымдап секір». Б.қ: қол белде. 1- бір адым алға, бір адым артқа секіру. - б.қ.к. 8) Дем басу жаттығулары.				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітап тарқарау және тағы басқаәрекеттер)	**Ойын** Үстел үсті театры **«Жеті лақ пен қасқыр»** ертегісі. **Шарты:**Тәрбиеші балаларға ертегіні баяндау барысында сұрақтар қояды: -Қасқыр қандай кейіпкер? -Лақтар неге есікті ашпады? -Анасы лақтарына қандай ақыл айтты? Ойын соңында балалар жақсы мен жаманды ажыратып өз ойларын айтады. **(көркем әдебиет)**	**Ойын"Зат неге ұқсайды?"** дидактикалық ойыны. **Шарты:**Тәрбиеші балаларға әртүрлі заттардың(доп,сағат,алма, қасық,кітап т.б)суреттерін немесе нақты заттарды көрсетеді.Балалар сол заттың неге ұқсайтынын айтып береді. **(математика негіздері)**	**Ойын«Төртіншісі артық»** танымдық ойыны. **Шарты:**Тәрбиеші балаларға 4 заттың(немесе суреттің) атауын не бейнесін көрсетеді.Сол төрт заттың үшеуі бір топқа жатады,ал біреуі артық болады.балалар артық затты таып,не,себепті артық екенін түсіндіреді. **(тіл дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)**	**Ойын:«Көкөністер дүкені»** сюжетті-рөлдік ойыны. **Шарты:**Тәрбиеші балаларға «Көкөністер дүкені»ашылғанын айтады.Бір бала-сатушы,қалғандары-сатып алушылар болады.Балаларды көкөністердің атауларымен таныстыру,ажырата білуге үйрету,сөздік қорын байыту,санау дағдыларын және қарым-қатынас мәдениетін дамыту.	**Ойын: "Атамның үйі".** **Шарты:**Тәрбиеші балаларды шенберге отырғызып «Атамның үйі»тақырыбында әнгіме бастайды.Үйдің(немесе бөлмелердің)суретін,макетін немесе ойыншықтарды көрсетеді.Балаларкезекпен атасының үйі туралы айтып береді.

				(тіл дамыту)	
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**				

Тәрбиешілер:Ысқақ Г.Ж.
Мұхтарқызы С.

Әдіскер: _____ Мамырова Г.Т

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Ересек «Қошақан» тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 19.01-23.01.2026 жыл III апта

Күнтәртібі	Дүйсенбі 19.01.2026ж	Сейсенбі 20.01.2026ж	Сәрсенбі 21.01.2026ж	Бейсенбі 22.01.2026ж	Жұма 23.01.2026ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу. **Өнегелі 15-минут** Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және	**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім тез?»** **Міндеті:** Ептілік, қимыл үйлесімділігі мен жылдамдықты дамыту. **Шарты:** Белгі бойынша жүгіру, секіру, допты	**Дербес әрекет: «Менің ойыным»** **Міндеті:** Өз бетімен шешім қабылдау, шығармашылық еркіндікке баулу. **Шарты:** Балалар өздері	**Сюжеттік-рөлдік ойын: «Дүкенде»** **Міндеті:** Сыпайы сөйлесу, санау және әлеуметтік рөлдерді меңгерту. **Шарты:** Біреуі –	**Танымдық ойын: «Пішіндерді тап»** **Міндеті:** Геометриялық пішіндерді тану және салыстыру. **Шарты:** Балалар шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш	**Коммуникативтік ойын: «Мен кіммін?»** **Міндеті:** Өзін таныстыру, сөйлеу дағдыларын жетілдіру. **Шарты:** Әр бала өз есімін, жасын, сүйікті ісін

басқалары	алып келу сияқты жарыс элементтері бар ойын.	қалаған ойыншықпен ойнайды, өз ережесін құрастырады.	сатушы, қалғандары – сатып алушылар. Балалар «тауар сатып алу», «ақша беру» рөлдерін ойнайды.	пішіндерін үлгіден табады және атайды.	айтып таныстырады.
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	1)«Бәйтеректер».Б.қ: аяқ иық кеңдігінде, қол төмен. 1-қолды жаңға созу. 2-қолды жоғары көтеріп, қолдың басына қарау. 3-б.қ келу. 2) «Желдеткіш».Б.қ: қолды шынтақтан бүгіп, иыққа қоямыз.1- екі қолды кезек-кезек алдыға, артқа айналдырамыз. 2-б.қ.к. 3) «Құстар билейді » . Б.қ: алдыңғыдай. 1- оң қолды көтеріп, түсіру. 2- сол қолды көтеріп түсіру. 3 -б.қ.к. 4) «Гимнастар ». Б.қ: қол дене бойында. 1- алдыға иіліп, аяқты құшақтау. 2- б.қ келу. 5) «Аяқты шынықтыр ». Б.қ: едендеаяқты алдыға созып отыру.1- екі қолды артқа қойып, тіреймiз. 2- екі аяқты алма- кезек көтеру. 3 -б.қ.к. 6) «Аяққа күш сал». Б.қ: еденге жатып, аяқ бірге, қолды алдыға созу. 1-аяқты еденнен, үшін алдыға тартып, көтеру. 2- б.қ келу. 7) «Секіру». Б.қ: н.т қол белде. 1- бір орында тұрып, екі бағытқа шыр айналу. 2-б.қ.к. 8) Дем басу жаттығулары.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	**Д/О «**Қоршаған әлемді тану**»** **Міндеті:**Қоршаған ортаға	**Д/О «**Ертегіні жалғастыр**»** **Міндеті:**Ертегіні	**Д/О «**Сөзді дурыс тап**»** **Міндеті:**Балалардың сөздік қорын	**Д/О «**Қоршаған орта әлемі**»** **Міндеті:**Қоршаған орта	**Д/О «**Сиқырлы кітап**»** **Міндеті:**Балалардың сөздік қорын

	қамқорлық сезімін тәрбиелеу. **Шарты:**Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді.Әр бала бір суретті тандап алып,оның не екенін атайды.	мазмұнын түсініп.Кейіпкерлерді атай білуге және ойын жеткізуге білуге дағдаландыру. **Шарты:**Балалардың байланыстырып сөйлеу ,сөздік қорын байыту,сөйлем құрауға үйрету.	молайту.Сөздерді дұрыс және анық айтуға үйрету. **Шарты:**Тәрбиеші балаларға суреттер не месе заттар көрсетеді.Балалар заттын атауын айтып қандай екенін сипат\ды.	нысандарын (табйғат,жануарлар,өсімдіктер)тану және атау. **Шарты:**Тәрбиеші балаларға суретерді көрсетеді.Әр бала суретегі нысанды атап оның қай ортаға жат\ның айтады(табиғат/тұрмыс)	байыту.Сөйлемді дұрыс құрауға,өз ойын анық жеткізуге үйрету. **Шарты:**Тәрбиеші балаларға сиқырлы кітапты көрсетіп,ішінен қысқа ертегі немесе өлен оқиды.Кейіпкерлерді атайды.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**3-ші апта дәйек сөзі.** «Әр істі жауапкершілікпен атқар!»				

	Музыка: **(**Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Міндеті:** Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **Ойын:А «**Кімге алғыс айтамыз» **Шарты:**Тәрбиеші әртүрлімамандық иелерінің суреттерін көрсетеді.Балалар сол адамның не істейтінің айтып,оған алғыс білдіреді. **Міндет:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **Ойын: «** Бағытты тап» **Шарты:**Балалар шенберге немесе қатарға	**Қазақ-тілі:** **Міндеті:**Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. **Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Міндеті**: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. **Ойын: «**Дыбысты дұрыс айт**»** **Шарты:**Тәрбиеші суретте дыбыс жазылған карточкаларды көрсетеді. Бала суреттегі заттың атың аңық дұрыс дыбыстап айту керек.Дыбысты дұрыс айтқан бала, бір қадам алға шығады. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Музыка** **(**музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Міндет:** Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. **Ойын: «**Затар әлемі» **Шарты:**Тәрбиеші балаларға сүреттер немесе нақты заттарды көрсетеді.Балалар затты атап,қай топқа жататынын айтады(киім,аяқ киім.ыдыс жиһаз).Заттың	**Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Міндеті:** Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. **Ойын: «**Көліктер мен жүргізушілерді танып білейік**»** **Шарты:**Балалар топқа бөлінеді немесе кезекпен ойнайды. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы түсінік беру. Әр дұрыс жауап үшін балаға мақтау беріледі немесешағын «жол белгілер»карточка беріледі. **Міндеті:** Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті	**Міндет:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **Ойын: «**Сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстыру**»** **Шарты:**Балаларға карточкалар немесе сүреттер беріледі:Бір жағында зат есімдер(балалар,мысық)Бір жақында сын есімдер(жақсы,жылдам)Ал етістіктер(отыр,жүржүгір)бөлек беріледі. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет,)**

	тұрады.Тәрбиеші бағыты айтады немесе көрсетеді. Балалар айтылған бағытқа сәйкес қимылжасайды. **(Қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері)**		орналсөанжерін сипаттайды.Сұрақ-жауап.тапсырма орындау арқылы ойын жалғасады. **Міндеті:** Тұрмыстық заттарды қандай материалдан жасалғанын айтып түсіндіру. **Ойын: «**Зат неден жасалған?**»** **Шарты:**Тәрбиеші балаларға бір затты көрсетеді,бала заттың атын айтады,және не ден жасалғанын(кесе-шыныдан,орындық-ағаштан) **(Тіл дамыту және көркем әдебиеті,Құрастыру)**	орналастыру. **Ойын: «**Ою-өрнекті дұрыс орналастыр**»** **Шарты:**Балаларға әртүрлі пішіндегі картон немесе қағаз кесінділері мен ою-өрнектер беріледі,әр ою бір пішінге сәйкес келеді.Балалар берілген ою-өрнекті дұрыс пішінге орналастыруы керек. **(Қоршаған әлеммен таныстыру сурет салу)**	
2 – ші таңғыас	**«Үнемді тұтыну»** Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Сөздік минимум: Нан, су, сүт, шәй **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенге дайындық	**Ойын:** "Құрылысшы" **Шарты:**Тәрбиеші балаларды	**Ұлттық ойын: (Сақина салу)** **Міндеті:**Зеиінділік пен	**Ұлттық ойын: «**Соқыр теке**».** **Шарты:**-Балалар,бүгін	**Ойын: "Атамның үйі".** **Шарты:**Тәрбиеші балаларды шенберге	**Ұлттық ойын** **Тақырыбы:** «Тенге ілу» **Мақсаты:**Ептілік пен

	«құрлысшылар» ретінде таныстрады,балаларға не салу керек екені айтылады.Балалар өздерінің қалауы бойынша (үй,көпір,балабақша,жол) құрастырады	байқағыштықты дамыту.Қарым-қатынас жасау,кезек күту дағдыларын үйрету. **Шарты:**Балалар шеңбер жасап отырады.Тәрбиеші немесе бала сақинаны білдәртпей біреуінің алақанына салады.Сақинасы бар баланы тапса сол бала өнерін көрсетеді.Егер тапаса жүргізуші көрсетеді (**Әр айналымда жүргізуші ауысып турады**)	біз «Соқыр теке»атты қазақтың ұлттық ойының ойнаимыз.Бүл ойында бір бала «Соқыр теке» болады,оның көзін байлаимыз.Ол көзін ашпай,басқа балаларды үстап көруі керек.Қай баланы ұстаса,сол орынға соқыр теке	отырғызып «Атамның үйі»тақырыбында әнгіме бастайды.Үйдің(немесе бөлмелердің)суретін,макетін немесе ойыншықтарды көрсетеді.Балаларкезекпен атасының үйі туралы айтып береді.	шапшандықты дамыту. **Шарты:**Жерге тиын немесе кішкентай зат қойылады.Балалар еңкейіп,оны жылдам алып өтуі керек. **.(Қоршаған әлеммен таныстыру)**

Серуен	**Ағаштарды бақылау** Міндеті: Балабақшаның ауласыңда өсіп тұрған ағаштрды жапырақтары бойынша танып, атын атай білу. Табиғат байлығы ағаштарға қамқор болуға, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Қай ағаш екенін тап» Міндеті: тәрбиешінің берген нұсқауымен аталған ағашта табу. Қимылды ойын: «Кім ағашқа бұрын жетеді». Міндеті: Берілген белгі бойынша тез жүкіруге жаттықтыру, мақсатқа жетуге деген ынталарын арттыру.**(Қоршаған әлеммен таныстыру,дене тәрбиесі)**	**Бұлтты бақылау.** Міндеті: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату. Міндеті: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. Көркем сөз: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Міндеті:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Қарды бақылау.** Міндеті: Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Міндеті: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Көркем сөз: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Міндеті: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**«Тұманды бақылау»** Міндеті: Табиғат құбылыстарын атайды. Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылайды.Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстырады. Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастырады. Еркін ойындар: «Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар» Міндеті: Рөлдерде ойнай білуге үйренеді. Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйренеді. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	**«Құстарды бақылау»** Міндеті: Балалар құстарды бақылайды. Олардың аттарын атайды, дауыстарын тыңдайды. Олардың топ болып ұшуына назар аударады. Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасайды. Еркін ойындар: «Қайтқан құстар» «Құстар мен мысық» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту,				

	орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
	«Әлди,әлди бөпешім» музыкасы(музыка)	Ертегі «Үйшік»(көркем әдебиет)	Баяу музыка тыңдату(музыка)	Ертегі «Үш аю» (көркем әдебиет)	Ертегі «Алма»(көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдано яту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Үстел үсті ойыны:** «Тазалықтың достарын ата» **Шарты:** тазалық бұйымдарын атау. Сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып, 3-4 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету. Балаларды таза жүруге үйрету. Тазалық бұйым\ның	**Үстел үсті ойыны:** «Түлкіні құрастыр» **Шарты:** Түлкінің дене бөліктері жайында түсіндіріп, оны құрастыруда дене бөліктерін жасауда қағазды дұрыс пайдалануға үйрету. Түлкінің суреті,қиылған түлкінің дене бөліктері. **(тіл дамыту және**	**Үстел үсті ойыны:** «Шарлар» **Шарты:** тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы»** Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсің бе, Балаң үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансың ба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене	**Үстел үсті ойыны: «Жыл мезгілі» (Қыс)** **Шарты:** Балаларға қыс мезгіліне байланысты сюжетті суреттер таратылады. Артық суреттерді анықтайды себебін түсіндіреді, қыс мезгіліне байланысы бар суреттерді алып себебін айтады.**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**

	суреттері. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**көркем әдебиет)**		бөбек!(Бас бармақ кезекпен барлық саусақ\ға ұшын тигізіп аман\ды)**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	
Балалармен жекежұмыс	бала өзінің «Мен» бейнесін,ішінара пікірін білдіреді, өзімен санасқанды, құрметтегенді ұнатады.Ойын ашық айтуға үйрету. Діния Нұрислам	қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді ішінара таниды:Түстердмен жұмысты жалғастыру. Емберген Төрехан	ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді дұрыс мүсіндеуге үйрету. Жармқханбет Әмір	жеке заттарды және сюжеттік композицияларды кейбіреулерін салады. Әдемі салуын жетілдіру. Камал Самир	мүсіндейтін затты қолына алып, зерттейді оның өзіне тән ерекшеліктерін беруге тырысады: Заттарға сипаттама беруді жетілдіру. Кенжебек Айша
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«қарды жинаймыз» **Міндеті:** Қимылды белсенді ету, еңбекке баулу. **Шарты:** Балалар шашылып жатқан қағаз жапырақтарды тез жинап,	«Құстарға жем шашу» **Міндеті:** Ұсақ моториканы, дәлдік пен қамқорлық сезімін дамыту. **Шарты:** Балалар кішкене дән (допшалар) алып,	«Желкенді кеме» **Міндеті:** Бірлесе әрекет етуге үйрету, тепе-теңдік сақтау. **Шарты:** Балалар қол ұстасып, үлкен мата астында «кеме» болып	«Қар ұшқыны» **Міндеті:** Әдемілік пен жеңіл қимылды сезінуге баулу. **Шарты:** Балалар ақ шарларды жоғары лақтырып, қар ұшқынын	«Күн мен бұлт» **Міндеті:** Назарды дамыту, тыңдай білуге үйрету. **Шарты:** Тәрбиеші «күн» десе – балалар қолдарын көтеріп жүгіреді, «бұлт»

	себетке салады. Кім көп жинайды — сол жеңімпаз.	оларды себетке дәл тастайды.	қозғалады. «Жел қатты» десе, кеме шайқалады.	бейнелейді. Музыка тоқтағанда, бәрі қозғалысты тоқтатады.	десе – отыра қалады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Дидактикалық ойын** «Артық зат» **Міндеті:** түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. **(мүсіндеу)**	**Ойын:** «Сен нені ұнатасың» **Міндеттері:** Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға үйрету; сурет салу кезінде қарындашты қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету.	**Сюжеттік –рөлдік ойын:** «Дәріхана» **Міндеті:** Әлеуметтік өзара әрекет дағдыларын дамыту Сөйлеу тілін жетілдіру Қарапайым рөлдік ойнауды үйрету Құралдар: Ойыншық дәрілер, бөтелкелер, қорапшалар Кассалық аппарат немесе карточкалар Лейблдер «Дәріхана», «Сатушы», «Сатып алушы	**Ойын:** « Әдемі кілемшелер» **Міндеттері:** Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру. **(математика негіздері)**	**Ойын:** "Құрылысшы" **Міндеттері:**Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға дағдыландыру. **(құрастыру)**
Балалардыңүйгекайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**				

Тәрбиешілер:Ысқақ Г.Ж.
Мұхтарқызы С.

Әдіскер: _____ Мамырова Г.Т

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Ересек «Қошақан» тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 26.01-30.01.2026 жыл IV апта

Күнтәртібі	**Дүйсенбі 26.01.2026ж**	**Сейсенбі 27.01.2026ж**	**Сәрсенбі 28.01.2026ж**	**Бейсенбі 29.01.2026ж**	**Жұма 30.01.2026ж**
Балаларды қабылдау	Сөздік минимум: (***Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе!)*** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15- минут. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Баланың денсаулығы жайлы әңгіме Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме Жыл мезгілі туралы әңгіме қозғап, табиғатты бақылауға үйретіңіз. Өз бетінше тамақтануға мүмкіндік беріңіз. Жауапкершілік сезімін арттыру үшін шағын тапсырма беріңіз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,	**Шығар\лық ойын: «Сиқырлы түстер»** **Міндеті:** Түстерді араластырып, жаңа реңк алу арқылы қиялды дамыту. **Шарты:** Балалар екі	**Эксперименттік ойын: «Ауаның күші»** **Міндеті:** Ауаның қасиетін тәжірибе арқылы тану. **Шарты:** Балалар үрленген шармен	**Еңбек әрекеті: «Гүл отырғызамыз»** **Міндеті:** Табиғатты сүюге, еңбексүйгіштікке баулу. **Шарты:** Балалар гүл отырғызу немесе суару	**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім алға шығады?»** **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін, дене үйлесімділігін арттыру. **Шарты:** Балалар белгі берілгенде секіріп,	**Сюжеттік-рөлдік ойын: «Дәрігер мен науқас»** **Міндеті:** Мейірімділік пен көмек көрсетуге баулу. **Шарты:** Бір бала – дәрігер, екіншісі –

бейнелеу, дербес және басқалары	түсті араластырады, не шыққанын атайды және одан сурет салады.	ойнайды, ауаның қозғалысын байқайды.	әрекетін жасайды, топырақты қолмен ұстап көреді.	кедергілерден өтіп, мәреге жетеді.	науқас. Олар әңгімелесіп, дәрігер ем қолданады, науқас алғыс айтады.
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	1)«Бәйтеректер».Б.қ: аяқ иық кеңдігінде, қол төмен. 1-қолды жаңға созу. 2-қолды жоғары көтеріп, қолдың басына қарау. 3-б.қ келу. 2) «Желдеткіш».Б.қ: қолды шынтақтан бүгіп, иыққа қоямыз.1- екі қолды кезек-кезек алдыға, артқа айналдырамыз. 2-б.қ.к. 3) «Құстар билейді » . Б.қ: алдыңғыдай. 1- оң қолды көтеріп, түсіру. 2- сол қолды көтеріп түсіру. 3 -б.қ.к. 4) «Гимнастар ». Б.қ: қол дене бойында. 1- алдыға иіліп, аяқты құшақтау. 2- б.қ келу. 5) «Аяқты шынықтыр ». Б.қ: едендеаяқты алдыға созып отыру.1- екі қолды артқа қойып, тіреймiз. 2- екі аяқты алма- кезек көтеру. 3 -б.қ.к. 6) «Аяққа күш сал». Б.қ: еденге жатып, аяқ бірге, қолды алдыға созу. 1-аяқты еденнен, үшін алдыға тартып, көтеру. 2- б.қ келу. 7) «Секіру». Б.қ: н.т қол белде. 1- бір орында тұрып, екі бағытқа шыр айналу. 2-б.қ.к. 8) Дем басу жаттығулары.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Ойын:** «Аппақ қар» **Міндеті:** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, қар, боран) кеңейту. қағаздан	**Ұйымдық жұмыс** Біздің қысқы аула» **Міндеті:**Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, қар,	**Ойын:** « Қызықты қыс» **Міндеті:** Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай	**Ойын**: « Жұбын тап» Міндеті: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы	**Ойын:** «Қысқы жұмбақтарды ата» **Міндеті:** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, қар, боран) кеңейту.

	ұрастыруды үйрету. **Шарты:** тәрбиеші алаларға әртүрлі ішіндегі қар суреттерін ереді, балалар ішіндерден қарды ұрастырады, қардың асиеті туралы айтады. **Қоршаған әлеммен аныстыру, құрастыру**)	оран) кеңейту. Композицияны ұрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі ойынша арақатынасын скеру. **Шарты:** балалар үлкен ағазға қыс мезгілінде улада болатын заттарды ауып жабыстырады. **Қоршаған әлеммен аныстыру;жапсыру)**	білуді жетілдіру. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. **Шарты:** балалар қыс мезгіліне байланысты суреттерді табады. Қолғапты ермексазбен безендіреді. **(қоршаған әлеммен таныстыру; мүсіндеу)**	түсінік беру. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға үйрету; Шарты: Екі жолдағы суреттерді салыстырып, жұбын табады,бояйды **(математика негіздері; сурет салу)**	Сурет салуда әртүрлі үстерді қолдануға, көп үске назар аударуға деген мтылысты қолдау. **Шарты:** Балалар суреттегі йындарды атайды және ипаттайды. Боямақ ояйды. **(қоршаған әлеммен таныстыру,сурет салу)**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**4-ші апта дәйек сөзі.** «Шыншыл болу – әділ болу.»				
	Музыка:(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Міндеті:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту. **Ойын: «**Тәулікті ретімен орналастыр» **Шарты:**Тәрбиеші тәуліктін бөліктерінбейнелейтін суреттерді.Балаларға дұрыс ретімен орналастырып,сұрақ	**Қазақ-тілі** **Міндеті:** Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары **Міндеті:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген, бұйымдары бойынша әңгімелер	**Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының **Музыка** **(**музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Міндеті:** Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан жіңішке сын есімдермен белгілеу. **Ойын: «**Салыстырып көрейік» **Шарты:**Балаларға екі	**Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Міндеті:** Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. **Ойын: «**Ата-анамның мамандығы» **Шарты:**Тәрбиеші балаларға түрлі мамандық иелерің суреттерін көрсетеді.Әр бала өз ата-анасының мамандығына	**Міндеті:** Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).

	қояды.(танертен,күндіз, кешке,түнде.не стеиміз)Бүгін не степ жатырмыз,ертен не істеиміз? **(Математика негіздері)**	құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. **Ойын: «**Сурет арқылы әнгіме**»** **Шарты:**Тәрбиеші балаларға түрлі түсті суреттер немесе бұйымдардың бейнелерңі береді.Балалар сурет бойынша әнгіме құрады немесе ертегіден үзінді айтып қайталайды.. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)**	немесе бірнеше зат көрсетіледі.Тәрбибиеші сұрақ қояды,балалар заттарды салыстырып,айырмашылығын айтып береді. **Міндеттері:**Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, **Шарты:** Көрсетілген жемістердің суретіне қарап әңгіме құрастырады **(Математика негіздері, Тіл дамыту және көркем әдебиет)**	сәйкес суретті тандап сол мамандықтың не істеитінін қысқаша айтып береді.Балаларбір-бірін тындайды,толықтырады **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Ойын: «**Пішіндерді танып біл**»** **Шарты:**Тәрбиеші балаларға әртүрлі геометриялық фигуралар мен денелерді көрсетеді.Балалар оларды қолымен ұстап сипап көріп аттын атайды.Көзін жұмып қай пішін екенің сипау арқылы анықтайды. **(Математика негіздері)**
2 – ші таңғыас	**«Үнемді тұтыну»** Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Сөздік минимум: Нан, су, сүт, шәй **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету				

	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	**Ұлттық ойын:** «Асық ату» **Шарты**: дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру	**Ұлттық ойын: «**Қол күрес**»** **Шарты:**Столдың шетіне қарама-қарсы екі ойыншы оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да,бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды.Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып аладыда жеңуге тырысады..	**Ұлттық ойын:** «Хан талапай» **Шарты:** «Талапай-ау,талапай,табылды ойын алақай»-деп қоржындағы асықтарды отырған балалардың алдына шашады.Балалар жарыса «Ханталапай»деп дауыстап,асықтарды таласып,бөліп алады.Жинаған асықтардың ішінен әр бала ойынға бес асықтан тігеді.Хан асығы қолына түскен бала алғашқы болып ойынды бастайды.	**Ұлттық ойын** **Тақырыбы:** «Арқан тарту» **Шарты:**Балалар екі топқа бөлініп, арқанның екі жағынан тартады.Белгі бойынша кімнің тобы қарсыласын өз жағына тартып әкелсе,сол жеңеді.	**Ұлттық ойын: «**Аударыспақ**»** **Шарты:** Аударыспақ күш сынасу ойыны.Ойынға екі бала қатысады.Олар бір біріне қарама қарсы отырып,белгі берілген кезде қарсыласын аударып түсуруге тырысады.Ойыншылар бір-біріңің белінен,йығынан немесе арнайы үстаитын белбеуден үстайды.Тәрбиеші белгі берген кезде ойын басталады.Қарсыласын біріншы болып аударып түсірген ойыншы жңімпаз атанады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.				

	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Бірті ндеп ұйқы даноя ту, сауықтырушарал ары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Үстел үсті ойыны:** «Тазалықтың достарын ата» **Шарты:** тазалық бұйымдарын атау. Сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып, 3-4 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету. Балаларды таза жүруге үйрету. Тазалық бұйым\ның суреттері. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**Үстел үсті ойыны:** «Түлкіні құрастыр» **Шарты:** Түлкінің дене бөліктері жайында түсіндіріп, оны құрастыруда дене бөліктерін жасауда қағазды дұрыс пайдалануға үйрету. Түлкінің суреті,қиылған түлкінің дене бөліктері. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**Үстел үсті ойыны:** «Шарлар» **Шарты:** тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы»** Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсің бе, Балақ үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансың ба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене бөбек!(Бас бармақ кезекпен барлық саусақ\ға ұшын тигізіп аман\ды)**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**Үстел үсті ойыны: «Жыл мезгілі» (Күз)** **Шарты:** Балаларға күз мезгіліне байланысты сюжетті суреттер таратылады. Артық суреттерді анықтайды себебін түсіндіреді, күз мезгіліне байланысы бар суреттерді алып себебін айтады.**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**
Балалармен жеке жұмыс	жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі	мүсіндемейді, мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін қолдана	ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден ішінара әртүрлі	мүсіндемейді, мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін қолдана алмайды.Ермексазбен	өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалауға қызығушылық

	тәсілдермен ішінара қияды:Дұрыс қиып жапсыруды дамыту. Қабыкен Дария	алмайды.Ермексазбен жұмыс жасауын жетілдіру. Қабыкен Абдурахман	тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеуін жетілдіру. Қанайбек Қасым	жұмыс жасауын жетілдіру. Марат Осман	танытуын жетілдіру. Рашид Сұңғат
Бесінас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«қысқы желмен жарыс» **Міндеті:** Жылдамдық пен төзімділікті арттыру. **Шарты:** Тәрбиеші «жел оңнан соқты» десе, балалар оңға қарай жүгіріп, «жел солдан соқты» десе, солға бұрылады.	«Кім тез тығылады?» **Міндеті:** Реакция мен қимыл шапшаңдығын дамыту. **Шарты:** Тәрбиеші «жауын жауды!» дегенде балалар ағаштың артына немесе орындық артына тығылады.	«Қарлы боран» **Міндеті:** Ойын арқылы көңіл көтеру, қимылды үйлестіру. **Шарты:** Тәрбиеші ақ қағаз қиықтарын жоғары лақтырады. Балалар оларды ұстап, айнала жүгіреді.	«Достық шеңбері» **Міндеті:** Ұжымдық әрекет, бір-біріне достық қарым-қатынас қалыптастыру. **Шарты:** Балалар қол ұстасып шеңбер жасап, айнала қозғалады, ән айтады немесе тілек айтады.	«ұшты-ұшты торғай ұшты » **Міндеті:** Қиялды дамыту, көңілді көңіл-күй қалыптастыру. **Шарты:** Балалар түрлі түсті орамалдармен билеп, «күз» бейнесін бейнелейді. Соңында бәрі «Күзге рахмет!» деп хормен айтады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың	Үстел үсті театры «Жеті лақ	"Зат неге ұқсайды?"	«Төртіншісі артық» танымдық	«Көгөністер дүкені»	Жеңіл көліктердің

дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	пен қасқыр» ертегісі **(көркем әдебиет)**	дидактикалық ойыны. **(математика негіздері)**	ойыны. **(тіл дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)**	сюжетті-рөлдік ойыны. **(тіл дамыту)**	бейнесін құрастыру, жапсыру, және ермексаздан жолдар жасау **(құрастыру,жапсыру, мүсіндеу**)
Балалардыңүйгек айтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**				

Тәрбиешілер:Ысқақ Г.Ж.
Мұхтарқызы С.
Әдіскер: _____ Мамырова Г.Т

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Ересек «Қошақан» тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.02-06.02.2026 жыл I апта

Күнтәртібі	Дүйсенбі 02.02.2026ж	Сейсенбі 03.02.2026ж	Сәрсенбі 04.02.2026ж	Бейсенбі 05.02.2026ж	Жұма 06.02.2026ж
Балалардықабылдау	**Сөздік минимум: «**Сәлеметсіз бе!**»** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру.**(Тіл дамыту)** **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу. **Өнегелі 15-минут** Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	«Сәлем сөздің атасы!» Міндеті: Әдептілік туралы әңгімелеу. Амандасу сөздің атасы,көшеде кездескен үлкен кішіге де сәлемдесу әдептіліктің белгісі екенін түсіндіру. Қазақ күйлерімен таныстыру. (Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы)	Дидактикалық ойын: «Дәл сондай пішінді тап» Міндеті: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. (танымдық дағдылар)	.Ою түрлерін тануға және есте сақтауға үйрету. (Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы	Үстел үсті ойыны «Ойлан тап» Міндеті:Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру (құрастыру)	Комуникативтік «Сөйлемді жалғастыр» Міндеті:Сөйлеу мәдениетін, сөйлем құру қабілетін дамытуҚұралдар:Суреттер немесе қысқа сөздер жазылған карточкалар

Ертеңгілік жаттығу	**«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату** Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	1) «Күресейік». Б.қ: аяқ алшақ бір- біріне қарап тұру. 1- бір- бірінің иығына қолдарын қою, түсіру. 2- б.қ.к. 2) «Кім биік?». Б.қ: бір- біріне қарап қолдарын ұстап тұру. 1- қолды екі жаққа созу, түсіру. 2- б.қ.к. 3) «Иілу». Б.қ: аяқ алшақ. 1- оңға, солға иілу. 2- б.қ.к. 4) «Отыру». Б.қ: бір- біріне арқаларын тигізіп, қол ұстасып тұрады. 1- қолды екі жаққа созып отырып, тұру. 2- б.қ.к. 5) «Сырғанайық». Б.қ: еденде ішпен жату. 1- оңға, солға аунау. 2- б.қ.к. 6) «Еденде ». Б.қ: еденде отыру, қолды артқа тіреу, аяқ созылған. 1- оң, сол аяқты кезекпен бүгу. 2- б.қ.к. 7) «Секіру». Б.қ: аяқ бірге, қол бірге. 1- бір орнында айналып секіру. 2- б.қ.к. 8) Дем басу жаттығулары.				
Таңғыас	**«Үнемді тұтыну»** Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Сөздік минимум: Нан, су, сүт, шәй **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	**Дидактикалық ойын** «Серуенге шығамыз » **Міндеті:** Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. **Шарты:** балалар ауа-райын бақылап, қандай киім киетінін таңдайды. Барлық киімдерді санап, жауап береді. (қоршаған әлемментаныстыру,	**Дидактикалық ойын:** «Сана » **Міндеті**: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. **Шарты:** балалар суреттегі затты санын анықтайды. 1-5 сандардардан сурет құрастырады	**Жұмбақ шешу** «Қыс» туралы Аяз қысып, Өрнек сызып, Терезені торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Сырғанап балалар ойнайды. Бұл қай кезде болады? **Міндеті:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету,	**Ойын:** «Менің ізі» **Міндеті:** Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.Сөйлемдегі сөздерді байланыс\ға, көмекші сөздерді	**Дидактикалық ойын: «**Айырмашылығын тап» **Міндеті:**олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. **Шарты:** балалар екі суреттегі айырмашылықты

	математика негіздері)	(Математика негіздері)	**Шарты:** балалар жұмбақтың шешімін табады . (тіл дамыту)	дұрыс қолдануға үйрету, **Шарты:** балалар іздерді не қалдырғанын табады. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)	табады. (тіл дамыту)
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**1-ші апта дәйек сөзі.** «Білім алып жаңа нәрсе ұйрен»				
